



Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасын жасау және оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 11 сәуірдегі № 163 бұйрығы.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз

Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің 10-бабының 4-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасына өзгерістер мен толықтырулар жасау және енгізу қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бюджет заңнамасы департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың көшірмесін қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында оның орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық Қағидалардың 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 7-тармағын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Бұл ретте Қағидалардың 6-тармағы және 17-тармағының 1) тармақшасының сегізінші, тоғызыншы және оныншы абзацтары 2025 жылғы 31 желтоқсанды қоса алғанда қолданыста болады.

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі

М. Такиев

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2025 жылғы 11 сәуірдегі
№ 163 бұйрығымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасын жасау және оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасын жасау және оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің (бұдан әрі – Бюджет кодексі) 10-бабының 4-тармағына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасын жасау және оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу (бұдан әрі – Бюджеттік сыныптама) тәртібін айқындайды.

Бюджеттік сыныптама объектілеріне топтамалық кодтар бере отырып, функционалдық, ведомстволық және экономикалық сипаттамалар бойынша бюджет түсімдерін және шығыстарын топтастыру болып табылады және бюджеттік сыныптама Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінің, Қазақстан Республикасының Президенті жарлықтарының, Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулыларының, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) маслихаттың шешімдері негізінде жасалады.

Бюджет кодексінің 10-бабының 3-тармағына сәйкес Бюджеттік сыныптама мыналарды:

- 1) бюджет түсімдерінің сыныптамасын;
- 2) бюджет шығыстарының функционалдық сыныптамасын;
- 3) бюджет шығыстарының экономикалық сыныптамасын қамтиды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар қолданылады:

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

1) тармақша жаңа редакцияда көзделген – ҚР Қаржы министрінің 13.03.2026 № 177 (12.07.2026 бастап күшіне енеді) бұйрығымен.

1) ақпараттық жүйе (бұдан әрі – Жүйе) – бюджет түсімдері мен шығыстарының жаңа түрлерін енгізу, қолданыстағы түрлерін алып тастау немесе өзгерту процестері автоматтандырылатын электрондық түрдегі Бюджеттік сыныптаманы жүргізуге арналған ақпараттық жүйе;

2) сыныптамалық код - түсімдердің, бюджет шығыстарының әрбір түрі және бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бойынша, олардың белгілі бір сипаттамалары бойынша, түсімдер сыныптамасының, шығыстардың функционалдық және экономикалық сыныптамасының деңгейлері бойынша жеке бекітілетін цифрлық белгі (топтамалық код).

3. Бюджеттік сыныптама Жүйеде жүргізіледі.

2-тарау. Бюджет түсімдерінің сыныптамасы

4. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілері, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтары, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулылары, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын, салықтарды, төлемдерді және бюджетке түсетін басқа да түсімдерді белгілейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілері негізінде барлық деңгейдегі бюджеттер түсімдерінің

белгілі бір сипаттамалар бойынша топтамасы бюджет түсімдерінің сыныптамасы болып табылады.

Бюджет түсімдері сыныптамасының топтамасы мыналардан тұрады:

түсімдердің экономикалық белгілері бойынша топтамасын білдіретін санаттар. Санаттың сыныптамалық коды 1 (бір) белгіден тұрады;

түсімдерді олардың көздері мен түрлері бойынша топтайтын сыныптар. Сыныптың сыныптамалық код 2 (екі) белгіден тұрады;

түсімдерді олардың көздері мен түрлері бойынша неғұрлым егжей-тегжейлі топтайтын кіші сыныптар. Кіші сыныптың сыныптамалық коды 1 (бір) белгіден тұрады ;

төлем түрін немесе бюджетке түсетін түсімдерді айқындайтын ерекшеліктер. Ерекшеліктің сыныптамалық коды 2 (екі) белгіден тұрады.

5. Түсімдердің әрбір түрінің түсімдер сыныптамасының барлық деңгейлерінің кодтарынан қалыптасатын алты таңбалы коды болады.

Бюджет түсімдерінің алуан түрлері үшін бірдей алты таңбалы кодтарды белгілеуге жол берілмейді.

6. 31.12.2025 қоса алғанда қолданыста болды - осы бұйрықтың 3-т. сәйкес.

7. Бюджет түсімдерінің сыныптамасы Бюджет кодексінің 9-бабына сәйкес мынадай негізгі санаттарды қамтиды:

- 1) 1 "Салықтық түсімдер";
- 2) 2 "Салықтық емес түсімдер";
- 3) 3 "Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер";
- 4) 4 "Арнаулы түсімдер";
- 5) 5 "Трансферттердің түсімдері";
- 6) 6 "Бюджеттік кредиттерді өтеу";
- 7) 7 "Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер";
- 8) 8 "Қарыздар түсімі";
- 9) 9 "Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары".

8. Бюджет түсімдерінің сыныптамасы осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес құрылым бойынша жасалады.

3-тарау. Бюджет шығыстарының функционалдық сыныптамасы

9. Бюджет кодексінің 12-бабына сәйкес функционалдық және ведомстволық белгілер бойынша бюджеттік қаражаттың жұмсалу бағыттарын айқындайтын, мемлекет функцияларының орындалуын, Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарын іске асыруды көрсететін барлық деңгейлердегі бюджеттер шығыстарының топтамасы бюджет шығыстарының функционалдық сыныптамасы болып табылады.

Бюджет шығыстарының функционалдық сыныптамасының топтамасы мынадай деңгейлерден тұрады:

функционалдық топтар;
функционалдық кіші топтар;
бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері;
бюджеттік бағдарламалар (кіші бағдарламалар).

10. Функционалдық топ елдің стратегиялық даму басымдықтарына сәйкес келетін және олардың әрқайсысының айқын мақсатын көрсететін елдің негізгі даму бағыттарын көрсетеді. Функционалдық топтың сыныптамалық коды 2 (екі) белгіден тұрады.

Мемлекеттік басқару органдары орындайтын функцияларға байланысты бюджет шығыстары мынадай функционалдық топтар бойынша сыныпталады:

- 1) 01 "Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер";
- 2) 02 "Қорғаныс";
- 3) 03 "Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі";
- 4) 04 "Білім беру";
- 5) 05 "Денсаулық сақтау";
- 6) 06 "Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру";
- 7) 07 "Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық";
- 8) 08 "Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік";
- 9) 09 "Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану";
- 10) 10 "Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары";
- 11) 11 "Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі";
- 12) 12 "Көлік және коммуникация";
- 13) 13 "Басқалар";
- 14) 14 "Борышқа қызмет көрсету";
- 15) 15 "Трансферттер";
- 16) 16 "Қарыздарды өтеу".

11. Функционалдық кіші топ функционалдық топ ішіндегі ел дамуының әрбір стратегиялық басымдығы бойынша міндеттер топтарын нақтылайды. Функционалдық кіші топтың сыныптамалық коды 1 (бір) белгіден тұрады.

12. Бюджет кодексінің 5-бабына сәйкес бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі өзіне Қазақстан Республикасының заңнамасымен жүктелген функцияларға, өкілеттер мен құзыреттерге сәйкес айқындалатын бюджеттік бағдарламаларды жоспарлауға, негіздеуге, іске асыруға және нәтижелерге қол жеткізуге жауапты мемлекеттік орган болып табылады.

Орталық атқарушы және өзге орталық мемлекеттік органдар республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері болып табылады, ал жергілікті бюджеттік

бағдарламалардың әкімшілері Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін жергілікті мемлекеттік басқарудың базалық құрылымына және тиісті мәслихат бекітетін тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікті басқару схемасына сүйене отырып, айқындалады.

Бюджеттік бағдарламалардың әрбір әкімшісіне жеке сыныптамалық коды беріледі, ол 3 (үш) белгіден тұрады.

13. Мемлекеттік органның даму жоспарын әзірлейтін республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бюджеттік бағдарламасы мемлекеттік органның даму жоспарында айқындалған мақсаттармен өзара байланысқан республикалық бюджет шығыстарының бағытын айқындайды.

Мемлекеттік органның даму жоспарын әзірлемейтін республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бюджеттік бағдарламасы Қазақстан Республикасының Заңдарында немесе мемлекеттік орган туралы ережеде айқындалған өкілеттіктермен өзара байланысты республикалық бюджет шығыстарының бағытын айқындайды.

Жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бюджеттік бағдарламасы облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың тиісті даму жоспарында айқындалған мақсаттармен, нысаналы индикаторлармен не Қазақстан Республикасының Заңдарында немесе мемлекеттік орган туралы ережеде айқындалған өкілеттіктермен өзара байланысты жергілікті бюджет шығыстарының бағытын айқындайды.

Бюджеттік бағдарлама сыныптамалық коды 3 (үш) белгіден тұрады.

14. Атаулары бірдей, оның ішінде бөлінетін бюджеттік бағдарламаларды орындау кезінде пайдаланылатын және бірнеше бюджеттік бағдарламалар әкімшілеріне бекітілген бюджеттік бағдарламалардың да кодтары бірдей және 100-ден бастап 199-ға дейінгі кодтар бойынша сыныпталады.

15. Бюджеттік кіші бағдарлама мемлекеттік органның даму жоспарының, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарының мақсатына және (немесе) бюджеттік бағдарламаның түпкілікті нәтижесіне қол жеткізуге бағытталған бюджет қаражатын жұмсаудың нақты бағыттарын ашады және бюджеттік бағдарламаның функционалдық тобында, функционалдық кіші тобында бекітіледі.

Әртүрлі көздер есебінен қаржыландырылатын бюджеттік бағдарламалар үшін бюджеттік кіші бағдарлама қаржыландыру көздерінің әрқайсысы үшін бөлінеді.

Бюджеттік кіші бағдарламалардың 001-ден 999-ға дейінгі сыныптамалық коды болады. Бұл ретте, бірнеше әкімшілерге бекітілген атаулары бірдей бюджеттік кіші бағдарламалар 001-ден 099 аралығындағы кодтар бойынша сыныпталады.

Кіші бағдарлама болмаған жағдайда, 000 сыныптамалық коды көрсетіледі.

Бюджеттік бағдарламаны (кіші бағдарламаны) ашуға ұсыныстар енгізу кезінде бірыңғай тәсілді сақтау мақсатында бюджеттік бағдарламаның (кіші бағдарламаның) жабық коды 3 жылдан кем пайдаланылмайды.

Ескерту. 15-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Қаржы министрінің 13.03.2026 № 177 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады) бұйрығымен.

16. Функционалдық топ, функционалдық кіші топ, бюджеттік бағдарламалар әкімшісі, бюджеттік бағдарлама және кіші бағдарлама кодтарынан тұратын әрбір он екі таңбалы код бюджет шығыстарының барлық функционалдық сыныптамасының бірегейі болып табылады.

17. Бюджет кодексінің 14 және 168-баптарына сәйкес бюджеттік бағдарламалар (кіші бағдарламалар) мыналарға бөлінеді:

1) мазмұнына байланысты мыналарға:

мемлекеттік функцияларды, өкілеттіктерді жүзеге асыру және олардан туындайтын мемлекеттік қызметтерді көрсету;

трансферттер мен бюджеттік субсидиялар беру;

бюджеттік кредиттерді беру;

бюджеттік инвестицияларды жүзеге асыру;

күрделі шығыстарды жүзеге асыру;

мемлекет міндеттемелерін орындау.

Мемлекеттік органның даму жоспарының немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарының мақсатына, бірыңғай түпкілікті нәтижеге қол жеткізу үшін мемлекеттік функцияларды, өкілеттіктерді жүзеге асыру және олардан туындайтын мемлекеттік қызметтерді көрсету, күрделі шығыстарды жүзеге асыру, мемлекеттік инвестициялық жобаларды іске асыру, трансферттер мен бюджеттік субсидиялар беру бойынша шығындар көрсетілген шығындарды жекелеген кіші бағдарламаларға бөліп, бюджет құрылымын сақтай отырып, бір бюджеттік бағдарламаға біріктіріледі.

Бюджет құрылымының бөлімі шегінде осы мақсатқа қол жеткізуге бағытталған бюджеттік бағдарлама болған кезде мемлекеттік органның бекітілген даму жоспарының немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарының мақсатына қол жеткізуге бағытталған жаңа бюджеттік бағдарламаны енгізуге жол берілмейді.

2) мемлекеттік басқару деңгейіне қарай мыналарға:

республикалық бюджет құрамында бекітілетін республикалық;

облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қалалар, астана бюджеттері құрамында бекітілетін облыстық, республикалық маңызы бар қалалар, астана;

аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджет құрамында бекітілетін аудандық (қалалық);

республикалық маңызы бар қалалар, астана, облыстық маңызы бар қала бюджеттері құрамында бекітілетін қаладағы ауданның бюджеттік бағдарламалары;

аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер бюджеттері құрамында бекітілетін аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің бюджеттік бағдарламалары;

аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджеті немесе аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджет құрамында бекітілетін аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің бюджеттік бағдарламалары, аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің бюджеттері құрамында бекітілетін аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің бюджеттік бағдарламалары болып бөлінеді.

Облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандық (қалалық) бюджеттік бағдарламалар, сондай-ақ қаладағы ауданның бюджеттік бағдарламалары және аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің бюджеттік бағдарламалары жергілікті бюджеттік бағдарламалар болып табылады.

3) іске асыру тәсіліне қарай мыналарға:

бір әкімші іске асыратын жеке бюджеттік бағдарламалар (кіші бағдарламалар);

белгілі бір бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бюджеттік бағдарламаларының құрамында бекітілетін және бюджеттік бағдарламалардың түрлі әкімшілері арасында ағымдағы қаржы жылы ішінде бөлінуге тиіс бөлінетін бюджеттік бағдарламалар болып бөлінеді.

Бюджеттік бағдарламалар (кіші бағдарламалар) бірыңғай бюджеттік сыныптаманың құрамында тиісті белгі (код) беріле отырып, ағымдағы бюджеттік бағдарламаларға (кіші бағдарламаларға) және бюджеттік даму бағдарламаларына (кіші бағдарламаларға) бөлінеді.

Бюджеттік инвестицияларды жүзеге асыруға бағытталған бюджет шығыстары бюджеттік даму бағдарламаларына (кіші бағдарламаларға) жатады. Бюджеттің қалған шығыстары ағымдағы бюджеттік бағдарламаларға (кіші бағдарламаларға) жатады.

Ескерту. 17-тармаққа өзгеріс енгізілді - осы бұйрықтың 3-т. сәйкес.

18. Бюджет шығыстарының функционалдық сыныптамасы осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес құрылым бойынша жасалады.

4-тарау. Бюджет шығыстарының экономикалық сыныптамасы

19. Бюджет кодексінің 13-бабына сәйкес бюджеттік бағдарламаларды іске асыру үшін мемлекеттік мекемелер жүзеге асыратын операцияларды көрсететін экономикалық сипаттамалар бойынша бюджет шығыстарын топтастыру бюджет шығыстарының экономикалық сыныптамасы болып табылады.

Бюджет шығыстарының экономикалық сыныптамасын топтастыру мыналардан тұрады:

шығыстарды экономикалық белгілері бойынша топтастыратын санаттар. Санаттың сыныптамалық коды 1 белгіден тұрады;

шығыстарды мемлекеттік мекемелер жүргізетін операциялардың негізгі түрлері бойынша топтастыратын сыныптар. Сыныптаманың сыныптамалық коды 1 белгіден тұрады;

шығыстарды мемлекеттік мекемелер жүргізетін операциялардың негізгі түрлері бойынша барынша егжей-тегжейлі топтастыратын кіші сыныптар. Кіші сыныптың сыныптамалық коды 3 белгіден тұрады.

Ерекшелік бюджеттік бағдарламаны іске асыру үшін мемлекеттік мекеме жүргізетін операцияның түрін айқындайды.

Ескерту. 19-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Қаржы министрінің 13.03.2026 № 177 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады) бұйрығымен.

20. Ерекшеліктердің сыныптамалық кодтары шығыстардың экономикалық сыныптамасының жоғары тұрған деңгейлерінің сыныптамалық кодтарынан бөлек пайдаланылуы мүмкін және әртүрлі санаттарда, сыныптарда, кіші сыныптарда қайталанбауы тиіс.

21. Экономикалық сыныптама мынадай санаттардан тұрады:

1) 1 "Ағымдағы шығындар" мемлекеттік мекемелердің өз функцияларын жүзеге асыруына байланысты шығындары;

2) 2 "Күрделі шығындар" негізгі капиталды құруға, қалпына келтіруге немесе сатып алуға байланысты шығындарды көрсетуге арналған;

3) 3 "Бюджеттік кредиттер" қайтарымды, мерзімді және ақылы негізде бюджеттен бөлінетін ақшаны көрсетуге арналған;

4) 4 "Қаржы активтерін сатып алу" мемлекеттік меншікке заңды тұлғалардың, оның ішінде, халықаралық ұйымдардың қатысу үлестерін, бағалы қағаздарын сатып алу жөніндегі операциялармен байланысты шығыстарды көрсетуге арналған;

5) 5 "Қарыздарды өтеу" қарыздар бойынша негізгі борышты өтеуге жұмсалатын шығыстарды көрсетуге арналған;

6) 6 "Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау" мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындауға арналған шығыстарды көрсетуге арналған.

22. Бюджет шығыстарының экономикалық сыныптамасы осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес құрылым бойынша жасалады.

23. Бюджет шығыстарының экономикалық сыныптамасының негізінде бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес ерекшеліктердің анықтамасы мен ерекшеліктер бойынша шығындардың тізбесі көрсетілетін Қазақстан Республикасының бюджет шығыстарының экономикалық сыныптамасы ерекшелігінің құрылымын жасайды және бекітеді.

5-тарау. Бірыңғай бюджеттік сыныптаманы жасау, бекіту және оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

24. Мемлекеттік басқару органдарының Бюджеттік сыныптамаға өзгерістер мен (немесе) толықтырулар енгізу жөніндегі тиісті нормативтік негізделген ұсыныстары бюджетті жоспарлау процесінде, сондай-ақ Бюджеттік сыныптамаға өзгерістер мен (немесе) толықтырулар енгізуді болжайтын нормативтік құқықтық акт қабылданған жағдайда бюджетті атқару барысында бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға енгізіледі.

25. Алдағы қаржы жылына арналған Бюджеттік сыныптама жобасын бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган ағымдағы жылдың 25 маусымына дейін республикалық және жергілікті бюджеттерді қалыптастыру үшін орталық және жергілікті атқарушы органдарға жібереді.

Ескерту. 25-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 13.03.2026 № 177 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады) бұйрығымен.

26. Бюджеттік сыныптама жоспарланатын кезеңнің алдындағы жылдың 10 желтоқсанына дейін алдағы жоспарлы кезеңге арналған республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының заңы қабылданғаннан кейін бекітіледі.

6-тарау. Бюджет түсімдерінің сыныптамасын жасау және оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

27. Бюджеттік сыныптамада бюджет түсімдерінің жаңа түрлерін енгізуді, қолданыстағы түрлерін алып тастауды немесе өзгертуді тиісті нормативтік құқықтық акті негізінде бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган жүргізеді.

28. Мемлекеттік басқару органдарының бюджет түсімдерінің жаңа түрлерін енгізу, қолданыстағы түрлерін алып тастау немесе өзгерту туралы тиісті ұсыныстарын бюджеттік атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган қолданыстағы нормативтік құқықтық актілердің нормаларына, сондай-ақ осы Қағидаларда көрсетілген талаптарға сәйкестігіне ережелер негізінде жүктелген функцияларды негізге ала отырып 3 (үш) жұмыс күні ішінде қарайды.

Қарау нәтижелері негізінде бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган Бюджеттік сыныптамаға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу туралы бұйрық жобасын әзірлейді не ұсыныстарды қабылдамайды.

7-тарау. Бюджет шығыстарының функционалдық сыныптамасын жасау және оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

29. Бюджеттік сыныптамаға жаңа бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) енгізу, қолданыстағыларын алып тастау немесе өзгерту бюджет

шығыстарының тиісті түрлерін регламенттейтін заңдарда және өзге де нормативтік құқықтық актілерде белгіленген нормативтік құқықтық актілер, функциялар, өкілеттіктер мен құзыреттер негізінде жүргізіледі.

30. Дебиторлық және (немесе) кредиторлық берешегі бар қолданыстағы бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) алып тастау берешек толық өтелгеннен (есептен шығарылғаннан) кейін немесе осы берешектің құқықтық мирасқоры айқындаған бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бюджеттік бағдарламасына көшірілгеннен кейін жүзеге асырылады.

31. Ағымдағы қаржы жылы бюджетінің атқарылуы барысында жаңа бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) енгізу, қолданыстағыларын алып тастау немесе өзгерту бюджетті нақтылау немесе түзету кезінде ғана мүмкін болады.

Бюджетті түзету кезінде жаңа бюджеттік бағдарламаларды енгізу орталық мемлекеттік органдар мен оларға ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелер құрылған, таратылған, қайта ұйымдастырылған, функциялары мен штат санынң лимиттері өзгерген жағдайда ғана жүзеге асырылады.

Бұл ретте бюджетті түзету республикалық бюджет туралы заңмен бекітілген (нақтыланған) осы бюджеттік бағдарламалардың жалпы сомасы шегінде, көрсетілген жағдайларға байланысты тиісті бюджеттік бағдарламаларды біріктіру, бөлу, қысқарту (ұлғайту), берумен тұжырымдалады.

Бюджетті нақтылау кезінде жаңа бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) енгізу, алып тастау немесе өзгерту осы Қағидалардың 7-тарауында белгіленген талаптар сақталады.

32. Бюджет шығыстарының функционалдық сыныптамасында бюджеттік бағдарламаға (кіші бағдарламаға) код беру республикалық бюджет туралы заңнамаға, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына немесе жергілікті бюджет туралы мәслихаттың шешіміне сәйкес жүзеге асырылады.

33. Республикалық бюджеттік бағдарламалардың жаңа әкімшілерін енгізу, қолданыстағыларын алып тастау немесе өзгерту орталық мемлекеттік органдар құрылған, таратылған, қайта ұйымдастырылған жағдайда, сондай-ақ функцияларын өзгерту кезінде жүзеге асырылады.

34. Республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің жаңа республикалық және (немесе) жергілікті бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) енгізу, қолданыстағыларын алып тастау немесе өзгерту туралы ұсыныстарын бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган олардың мақсаттары мен міндеттеріне сәйкестігіне, нормативтік құқықтық негіздеменің болуына, сондай-ақ осы Қағидалардың 29, 30, 31 және 32-тармақтарында көрсетілген талаптарға сәйкестігіне қарайды.

Бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган қарау нәтижелері негізінде Бюджеттік сыныптамаға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу туралы бұйрық жобасын әзірлейді не ұсыныстарды қабылдамайды.

35. Жаңа жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілерін енгізу, қолданыстағыларын алып тастау немесе өзгерту жергілікті мемлекеттік басқарудың базалық құрылымы өзгерген және (немесе) тиісті аумақтарда орналасқан және жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдардың жаңасының құрылуына не жұмыс істеп тұрғандарының бірігуіне, қосылуына, бөлінуіне байланысты тиісті мәслихат бекіткен әкімшілік-аумақтық бірлікті басқару схемасына өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайда жүзеге асырылады.

Жаңа жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшілерін және бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) енгізу, қолданыстағыларын алып тастау немесе өзгерту мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

1) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган, ал ол болмаған жағдайда – әкім аппараты мемлекеттік функцияларды, өкілеттіктерді жүзеге асыруға және олардан туындайтын мемлекеттік қызметтерді көрсетуге бағытталған бюджеттік бағдарламамен және аттас бюджеттік бағдарламалармен, оның ішінде бөлінетін бюджеттік бағдарламаларды орындау кезінде пайдаланылатын және бірнеше бюджеттік бағдарламалар әкімшілеріне бекітілген жергілікті бюджеттік бағдарламалардың жаңа әкімшілерін енгізу, қолданыстағыларын алып тастау немесе өзгерту туралы ұсыныстарды бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға жібереді, олар осы ұсыныстарды қолданыстағы бюджет заңнамасына сәйкестігі тұрғысынан қарайды.

Бюджет заңнамасының нормаларына сәйкес келмеген жағдайда бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган жергілікті атқарушы органдарға негізделген бас тартуды қалыптастырады.

Бюджет заңнамасының нормаларына сәйкес болған жағдайда бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган Бюджеттік сыныптамаға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу туралы бұйрықтың жобасын әзірлейді;

2) жергілікті атқарушы органдар мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган арқылы республикалық бюджеттік бағдарламалардың тиісті әкімшілеріне жаңа бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) енгізу, қолданыстағыларын алып тастау немесе өзгерту туралы ұсыныстар жібереді, олар осы ұсыныстарды 2 (екі) жұмыс күні ішінде қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкестігі, өкілеттіктерді мемлекеттік басқару деңгейлері арасында бөлу тұрғысынан қарайды.

Осы тармақшаның бірінші бөлігінде көрсетілген талаптарға сәйкес келмеген жағдайда республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері жергілікті атқарушы органдарға негізделген бас тартуды қалыптастырады.

Осы тармақшаның бірінші бөлігінде көрсетілген талаптарға сәйкес болған жағдайда республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері жергілікті атқарушы органдардың бюджеттік бағдарламаларын (кіші бағдарламаларын) келіседі және бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға бекітуге жібереді.

Бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган осы ұсыныстарды бюджет заңнамасының нормаларына сәйкестігі тұрғысынан қарайды.

Бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган қарау нәтижелері негізінде Бюджеттік сыныптамаға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу туралы жоба бұйрығын әзірлейді не ұсыныстарды қабылдамайды.

Ескерту. 35-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Қаржы министрінің 13.03.2026 № 177 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады) бұйрығымен.

8-тарау. Бюджет шығыстарының экономикалық сыныптамасын жасау және оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

36. Шығыстардың экономикалық сыныптамасының жаңа ерекшелігін енгізуді, қолданыстағысын алып тастауды немесе өзгертуді бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган мемлекеттік органдардың ұсыныстарын ескере отырып жүргізеді.

37. Шығыстардың экономикалық сыныптамасының жаңа ерекшелігін енгізу, қолданыстағысын алып тастау немесе өзгерту туралы мемлекеттік органдардың тиісті ұсыныстарын бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган қолданыстағы нормативтік құқықтық актілердің нормаларына, сондай-ақ осы Қағидаларда көрсетілген талаптарға сәйкестігіне қарайды.

38. Бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган бюджет шығыстарының экономикалық сыныптамасы негізінде бюджет шығыстарының экономикалық сыныптамасы ерекшелігінің құрылымын жасайды және бекітеді.

Қазақстан Республикасының
Бірыңғай бюджеттік
сыныптамасын жасау және оған
өзгерістер мен толықтырулар
енгізу қағидаларына
1-қосымша

Бюджет түсімдерінің сыныптамасы

Санаты				
Сыныбы				
Кіші сыныбы				
Ерекшелігі				
Атауы				

0				
	00			
		0		
			00	

Қазақстан Республикасының
Бірыңғай бюджеттік
сыныптамасын жасау және оған
өзгерістер мен толықтырулар
енгізу қағидаларына
2-қосымша

Бюджет шығыстарының функционалдық сыныптамасы

Функционалдық топ				
	Функционалдық кіші топ			
		Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі		
			Бюджеттік бағдарлама	
				Кіші бағдарлама
				Атауы
00				
	0			
		000		
			000	
				000

Қазақстан Республикасының
Бірыңғай бюджеттік
сыныптамасын жасау және оған
өзгерістер мен толықтырулар
енгізу қағидаларына
3-қосымша

Бюджет шығыстарының экономикалық сыныптамасы

Санаты				
	Сыныбы			
		Кіші сыныбы		
			Ерекшелігі	
				Атауы
0				
	0			
		000		
			000	

Қазақстан Республикасының
Бірыңғай бюджеттік
сыныптамасын жасау және оған

өзгерістер мен толықтырулар
енгізу қағидаларына
4-қосымша

**Қазақстан Республикасы бюджет шығыстарының экономикалық сыныптамасы
ерекшелігінің құрылымы**

Кіші сыныбы	Ерекшелігі	Атауы	Анықтамасы	Шығындар тізбесі
-------------	------------	-------	------------	------------------

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК